

2023 жығы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша есебі

1. Жалпы ережелер

- 1) Көрсетілетін қызметті беруші туралы мәліметтер: Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Көкше» облыстық оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қ., ОАА шағын аудан 3.
- 2) Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтер саны 2, – «Көкше» облыстық оңалту орталығында 2 қызмет көрсетіледі:

(сондай-ақ, 2023 жылы «Көкше» облыстық оңалту орталығында мемлекеттік қызмет көрсетудің статистикалық деректері келтірілген)

- 1.Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру-119
- 2.Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді-көшірме беру-1767

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саны-2;

Тегін және (немесе) ақылы негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саны-2;

Қағаз және (немесе) электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саны-2;

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын бекітілген заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің саны -2;

Аса сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат.

Бүгінгі таңда ең көп сұранысқа ие қызметтерге сүйене отырып, «Көкше» облыстық оңалту орталығында ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер: еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын беру, стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді-көшірме беру.

3. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

- 1) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер:

Мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мақсатында Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпарат –"Көкше облыстық оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, ресми сайтында <https://orckokshe-akmola.kz> орналасқан, "Көкше" облыстық оңалту орталығында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет алушылар үшін барлық қажетті ақпарат ай сайын Instagram әлеуметтік желісінде жарияланым жүргізіледі, сондай-ақ осы ұйымның стендінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары бойынша 1414 орналастырады.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау туралы ақпарат:

Мемлекеттік органдардың қызметі туралы есептері жария талқылау үшін "Көкше облыстық оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ресми сайтында орналастырылады, онда әрбір көрсетілетін қызметті алушы есеппен танысып, пікірлер қалдыра алады.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және басқалар)

2023 жылы Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Instagram әлеуметтік желісінен тікелей эфир өткізілді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру жөніндегі қызмет

1) Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты ведомстволық бағынысты медициналық ұйымдардың қызметкерлері ұйым қаражаты есебінен біліктілікті арттырудың мамандандырылған курстарын өтеді. 2023 жылы 2 қызметкер "сындарлы шешім" фирмасының "Мемлекеттік қызметтерді көрсету дағдыларын жетілдіру. Ерекше қажеттіліктері бар адамдармен өзара әрекеттесу" тақырыбы бойынша 24 академиялық сағат көлемінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша оқытудан өтті.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін нормативтік-құқықтық жетілдіру.

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін нормативтік-құқықтық жетілдіру бойынша ұсыныстар Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасына қажеттілігіне қарай жіберіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау

1. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат: 2023 жылғы есеп кезеңінде түскен жоқ.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізген мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау нәтижелері. 2023 жылы өткізілмеді.

4) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингінің нәтижелері.

5. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына одан әрі тиімділігі мен қанағаттанушылығын арттыру перспективалары.

Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттануын арттыру мақсатында 2024 жылға мынадай іс-шаралар жоспарланған:

- Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы кеңес өткізу;
- Мемлекеттік қызметтерді уактылы көрсету бойынша күнделікті мониторинг;
- Мемлекеттік қызметтерді алған кезде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қажетті жағдайлар жасау (пандустар, шақыру түймелері);
- көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарын уактылы қарауды қамтамасыз ету, -өтініштер үшін негіз болған себептер мен жағдайларды жою жөнінде толық шаралар қабылдау;
- танымал әлеуметтік желілер, мерзімді баспасөз басылымдары арқылы "электрондық үкімет" порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндіктері мен уәждемесін күшейту туралы халықтың хабардар болуын қамтамасыз ету;

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бүгінде мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің маңызды бағыты болып қала береді: мемлекеттік басқаруды жетілдірудің нысаналы көрсеткіштерінің бірі, азаматтардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттануын арттыру болып табылады. Яғни, мемлекеттік басқару органдары азаматтар мен ұйымдардың мүддесі үшін қызмет көрсететін "сервистік мемлекет" моделіне көшу міндеті бекітілген, ал мемлекеттік басқару сапасының негізгі бағалауларының бірі азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттануы болып табылады.

Бас дәрігер



Асанұлы Д.